



Ж.С. Таласпаева

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>
email: talaspaeva@inbox.ru

А.Б. Ерсайнова

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0003-0948-653X>
email: asel_ersainova@mail.ru

**ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІ Ғ. МҮСІРЕПОВ ПЕН С. МҰҚАНОВ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА: ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа. Мақалада Солтүстік Қазақстан өңірі қаламгерлерінің шығармаларындағы түркі тілінен енген топонимдердің қолданылуы зерттеледі. Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқановтың туындыларында жұмсалған жер-су атауларының мағынасы мен шығу тегі қарастырылады. Мақалада тарихи кезеңдерге шолу жасалып, осы өңірде туып-өскен Ғ. Мүсірепов пен С. Мұқановтың туындыларындағы географиялық атаулардың қолдану тәсілдері талданады. Сонымен қатар, түркі топонимдерінің шығармалардағы символдық және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Мақала авторлары түркі топонимдері тек географиялық нысандардың атауы ғана емес, сонымен қатар сол аймақтың тарихи және мәдени кодын сақтап қалған символдық белгі екенін көрсетеді. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы «Қаршығалы» және «Құсмұрын» атауларының семантикалық ерекшеліктері, символикалық мағынасы және мәдени-тарихи мәні талданады. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» мемуарлық шығармасындағы топонимдердің шығу тарихы жазушы баяндайтын өмір тарихымен сабақтаса байланыстырылады. Топонимдер халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болып, табиғат пен мәдениеттің өзара байланысын көрсетеді. Жазушылардың стильдік ерекшеліктері, сондай-ақ, елді мекен, жер-су атауларының мәтін контекстіндегі рөлі мен шығу тарихы, мағыналық ерекшелігі талданады. Бұл зерттеу қаламгерлердің қолданған топонимдері мен олардың мәдени мәнін, шығармашылық контекстегі рөлін түсінуге бағытталған.

Түйінді сөздер: түркі топонимдері, тарихи-мәдени ақпарат, ұлттық бірегейлік, символ, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 20.10.2024

Баспаға қабылданған мерзімі: 03.12.2024

Кіріспе

Солтүстік Қазақстан өңірі бай тарихи-мәдени мұраға ие, оның ішінде түркі топонимдері ерекше орын алады. Түркі тілдеріндегі географиялық атаулар тек қана тарихи оқиғалар мен жергілікті ерекшеліктер туралы мәлімет беріп қана қоймай, сонымен қатар бұл аймақтың этникалық тарихын, мәдени құндылықтарын да бейнелейді. Осы аймақта дүниеге келген көптеген танымал ақын-жазушылар шығармаларында туған жердің топонимдерін жиі қолданған. Түркі топонимдері тек географиялық атаулар ғана емес, сонымен бірге тарихи маңызы бар символдарға айналған. Бұл атаулар арқылы халықтың ұлттық санасы, тарихи жадында сақталған оқиғалар мен мәдениеті көрініс табады. Қазақ халқы ежелден осы жерді мекендеп, күні бүгінге дейін осы өлкеде өсіп-өнді, сондықтан оның дүниетанымы, ортасы мен табиғат бедері әдебиетінде, топонимдік атауларында көрініс табатыны белгілі. «Топонимика география, тарих және филология мүдделерінің тоғысында пайда болды және бұл күрделі ғылым» (Исмацова, 2022, б. 2182). В.А. Серебренников топонимдерді зерттеу қажеттілігі туралы пікір білдіре отырып, тарихи материалдар мен құжаттарда болатын құнды мәліметтерді шежірелерден, мұрағаттардан алуға болатын экстралингвистикалық деректер деп тұжырымдайды. Бұл деректер ғалымдарға ақпарат береді және олардың нәтижелерін растауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді, дейді автор (Серебренников, 1959, б. 39). Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар ұлттық менталитет, ұлттық таным бойынша ерекшеленеді (Иманбердиева, және т.б., 2020, б. 18). Мақаланың мақсаты – Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов шығармаларындағы түркі топонимдерінің этимологиялық шығу көзіне түсініктеме бере отырып, олардың тарихи-мәдени мәнін ашып көрсету.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында Солтүстік Қазақстан өңірінің әдебиетінде кездесетін 30-ға жуық түркі топонимдері жинақталып, олардың тарихи мәні мен мәдени құндылығы зерттелді. Зерттеу әдістері ретінде тарихи-салыстырмалы, семантикалық және әдеби-мәдени талдау әдістері қолданылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс топонимдердің уақыт пен кеңістік контекстіндегі өзгерістерін талдау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс, әсіресе, белгілі бір топонимдердің әдеби шығармаларда қалай бейнеленгенін салыстыруда маңызды болды. Мысалы, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романында Қызылжар (қазіргі Петропавл) топонимі кездеседі, бұл атау тарихи тұрғыдан қазақ даласының солтүстігіндегі маңызды сауда және мәдени орталық болғанын көрсетеді. «Қызылжар» атауының неліктен Петропавл атауына ауыстырылғаны жайлы жазылған ғылыми еңбектің сілтемесі беріледі. Осы шығармада жұмсалған «Жаманшұбар» атауының этимологиясы талданып, тарихта болған адамдардың өмірімен байланыстырыла талданады. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында қолданылған «Обаған» топонимінің шығу тарихынан мол деректер келтірілген ғылыми мақаладан үзінділер келтіріледі.

Семантикалық талдау әдісі топонимдердің мағынасы мен символикалық мәндерін түсіну үшін қолданылды. Бұл әдіс арқылы топонимдердің халық мәдениетіндегі рөлін, сонымен қатар, олардың әдеби мәтіндегі қызметін зерттеу мүмкін болды. Мысалы, «Қаршығалы», «Құсмұрын», «Шөптікөл», «Қарғайлы», «Саумалкөл», «Ақсуат» т.б. атауларының семантикалық ерекшеліктері мен олардың мәтіндегі рөлі талданды.

Әдеби-мәдени талдау әдісі қолданылған зерттеуде әдеби туындылардың тарихи және мәдени контекстіне көңіл аудара отырып, топонимдердің мәтіндегі мәні мен олардың автордың шығармашылық мақсатына қалай қызмет ететіні терең қарастырылды. Сонымен қатар, әдеби туындыларда қолданылған топонимдердің тарихи, этнографиялық, лингвистикалық және мәдени маңызына да назар аударылды. Зерттеу барысында топонимдердің тек мәтіндік деңгейдегі рөлі ғана емес, олардың ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, және тарихи жақты сақтау құралы ретіндегі қызметі де қарастырылды. Бұл ретте топонимдердің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік және рухани өміріндегі алатын орны талданды. Негізгі дереккөздер ретінде Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы мен Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» туындысы алынып, олардағы топонимдер мазмұндық және стилистикалық тұрғыдан зерттелді. Бұл романдарда қолданылған топонимдер арқылы авторлардың ұлттық болмысты жеткізуге ұмтылысы мен тарихи және мәдени құндылықтарға деген көзқарасы анықталды. Топонимдердің семантикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктерін түсіну үшін (Motschenbacher, 2020, б. 88) және шетел ғалымдарының көркем шығарманың онимикалық кеңістігінің ерекшелігін ашудың маңыздылығын зерттеген еңбектері назарға алынды (Marieiev, et. al., 2024, б. 72).

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері бойынша, Солтүстік Қазақстан өңірінде туып-өскен қаламгерлердің шығармаларында түркі топонимдер кеңінен қолданылады. Авторлар өздерінің шығармаларында қолданған негізгі топонимдік атауларды түсіндіруде көбіне әңгімелеу әдісін пайдаланған. Мысалы, Ғабит Мүсірепов пен Сәбит Мұқанов өз шығармаларында жер-су атауларының шығу тегінен ақпарат бере отырып, бастан кешкен оқиғаларын баяндаған тұстарда түсінік беріп отырады.

Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында «Қаршығалы шұбары» атауының шығуы мен оның символикалық мағынасы терең талданады. Бұл атау тек географиялық нысан емес, сонымен қатар, жазушының шығармасында ауыл адамдарымен тығыз байланыстағы тұрмыстық контексті білдіреді. Кез келген елді мекеннің атауы сол жерді мекендеген халықтың айнасы, менталитеті, тарихи ескерткіші болып саналады. Сондықтан топонимдік атауларды сол өңірді мекендеген ұрпақтың тарихи жады, өмірді бағалау деңгейі ретінде қарастырған абзал.

«Еснейдің төрт қос жылқысы Қаршығалы шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді» (Мүсірепов, 2006, б. 5) – бұл сөйлемде «Қаршығалы шұбары» атауының мәтін контекстіндегі рөлі мен мағынасы сол жерді мекендеген тұрғындардың тұрмыс-жайымен байланыстырыла беріледі. Жазушы «Құсмұрын» атауының мағынасы мен шығу тегіне көңіл аударып, оның «екі түбек» дегенді білдіретінін көрсетеді, бұл да автордың географиялық мәліметтерді шебер пайдалануының айқын дәлелі. Осылайша, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романында топонимдердің семантикалық ерекшеліктері мен олардың мәдени-тарихи маңызы

айқындала түскен. Романның негізгі оқиғалары мен ондағы жұмсалған топонимдер шебер үйлестіріліп, оқырманның жер-су атауларының шығу тарихына деген қызығушылығын оята түсетіндігіне сенімдіміз.

Құдай біледі деп айтайын, «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың түлкі, он екі мың күзең, жеті мың қоян бар!. Армысыздар, ағалар!.. «Қаршығалы» шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын айта келдік...» (Мүсірепов, 2006, б. 7).

Романда Есенеидің иесіз жер деп Қаршығалы шұбарына келгені және ол жерді Күрлеуіт руының үш ауылы пана қылғаны сөз етіледі. Қаршығалы шұбары ауыл адамдарының тұрмыс-тіршілігіне қолайлы, шұрайлы, жазық далалы, қалың шөпті, орманды жер. Бұл жерде халқымыз төрт-түлік малын алаңсыз жайлап, тіршілігін жасаған. Сондықтан романдағы оқиға осы жерден бастау алады. *«Сәдірдің қосынан басқа қостардың екеуін Құсмұрынға қарай, төртінші қосты өзіміздің Аққусақ, Қарамен, Еламан көліне қарай аударыңдар. Сәдірдің қосы осы маңда қала тұрсын. Екі адас, менімен қаларсыңдар. Бекентай, сен Құсмұрын қосымен кетерсің...» (Мүсірепов, 2006, б. 10). «Құсмұрын» атауының негізгі түпкі мағынасы «Қос түбек» дегенді білдіреді. Құс сөзі түркі тілдеріндегі «қос, қуш» яғни «екі» деген мағына беретін сөздің фонологиялық жағынан өзгеріске түскен түрі. Атаудың көлге, сулы жерге байланысты қойылған деген пікірге осы дәлел бола алады. Түбек, негізінен, су деңгейінен биік жота болып келеді. Адамның мұрны да бейне бір тегіс бет-әлпеттегі биік жота тәріздес. Ал жануарлар мен құстардың тыныс алу жолдарында дәл осындай ерекшелік болмағандықтан, оны «мұрын» емес, «тұмсық» немесе «танау» деп атайды. Ата-бабамыздың бұл көлді «Қос түбек», яғни «Қосмұрын» деп атауының нақты себебі бар. Құсмұрын көлін спутниктен түсірген бейнесіне назар аударып қарағанда, онда көлге сұғына еніп жатқан екі түбек анық көрініп тұрғанын байқауға болады. Бұдан шығатын қорытынды ерте замандарда адамдардың жер бедеріне қарап, жер-су атауларын берудегі тапқырлығын және байқампаздығын аңғарамыз (Әбсадық, 2020, б. 49).*

«Қожық тобыры бір-ақ күнде апар-топары шығып колға түсті де, Қызылжарға айдалып кетті» (Мүсірепов, 2006, б. 216); «Торсан Шәйгөз-Уақтан Қызылжарға пірғауар апарып, өз алдымызға оңаша болыс болып отыруға лұқсат алып келді» (Мүсірепов, 2006, б. 231); «Ірбіт, Тобыл, Қызылжар базарларына барғанда ылғи бір түсі-түгі келісімді бұйымдар әкеледі» (Мүсірепов, 2006, б. 232).

Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романында «Қызылжар» астионимін шығармадағы Біжікеннің күйеуі Торсан Ұлпаннан Есенеидің ұрыларға беретін жазасы жайлы сұрастырып, осы қаладағы ұры-қарыға тыйым салуға арналған съез бар екенін білгеннен кейін, Қызылжарға аттанып кеткендігі туралы баяндауында көрсетеді.

Сонымен қатар жазушы «Тобыл» астионимін қолданған. Бұл қазіргі Түмен облысында орналасқан қала. Шығармада осы қаладағы базардан түрлі бұйымдар, тұрмысқа қажетті заттар алынып отырған. Тіпті, Есенеидің құлпытасына дейін осы Тобыл қаласынан алдыртқан. Яғни, бұл қала сауда-саттық көп жүретін жер ретінде суреттеледі.

Ірі сауда орталығы – Ірбітте тұрақты жәрмеңке болады. Қазақтар онда мал, мал өнімдерін, аңдардың бағалы терілерін апарып, азық-түлікке, қолөнер және фабрика бұйымдарына айырбастап жүреді. Осы жәрмеңкеге барып сауда жасаған адамды ол кезде «Ірбіт шапты» дейді екен (Жантеміров, 2022, б. 4). Яғни, романда

жазушы осы Тобыл, Ирбіт, Қызылжар қалаларындағы базарлардан түрлі бұйымдар әкелінгендігі жайлы сөз қозғайды.

*«Келесі жал ағаш қалың да ұзындау келген шығыс жақ етегінде суала бастаған көлі бар **Елтіңжал** деп атанатын еді.*

– *Бұған Еламанға қараған ауыл қыстасын, – деді Ұлпан.*

– *Түрікпенді айтамысың?*

– *Түрікпен дегеніңді қойшы осы, Есеней... Сибанда Әсіреп – Мүсірептен артық Сибан көргенім жоқ, – деді Ұлпан.*

– *Қойдым, айтпайын... Бірақ **Елтіңжалға** екі ауыл еркін сияды»* (Мүсірепов, 2006, б. 131).

Елтіңжал – Ғабит Мүсіреповтің кіндік қаны тамған жер, түрікменнің төрт үйінің қонысы болған. Есенейдің жездесі Елтің жал өскен орманды паналаған. Билікті қолына алған Есеней апа-жездесін қазіргі Қостанайдағы Сарыкөл ауданының құнарлы жеріне қоныс аудартады. Елтің орманды түрікмендердің мекендеуіне беріп кетеді. Сөйтіп, бұл орман оның құрметіне *«Елтіңжал»* деген атауды алады (Жантеміров, 2022, б. 4).

*«Жарқырап жатқан **Қарағайлы, Құдайқұл** деген екі әдемі құм-қайран, көлдердің жағасына да бара алмап еді. Енді соның бәрінен құтылып еркіндік сезінді. Ойын-күлкісі жарасқан, аузыңды бақпай қалжыңдаса беретін адал достарының үйіне кірмей жатып-ақ дүниесі кеңіде де кетті»* (Мүсірепов, 2006, б. 114); *«Бүкіл Сибан елі соны күтіп, жайлауға көше алмай, баяғы **Қарағайлы** көлді айнала қонып отырып калды»* (Мүсірепов, 2006, б. 205).

Құдайқұл мен **Қарағайлы** қос шалқары Жаңажолдан Октябрь ауылына (бұл ауыл қазір жоқ) апарар жолдың екі қапталында орналасқан. **Қарағайлы** көлі болып аталуының себебі, алыстан көзге көрінетін ақ қайыңдар орманының ішінен қысы-жазы бір түсті жасыл болып, орманға әсемдік беретін қарағай ағаштарының болуы. Күндіз-түні күміс бағанадай көрінетін, желдің сыбдырымен ақырын ғана ағатын көл суының көз тартар келбеті әр адамды өзіне баурайды. Бұл көлдің ерекшелігі – қатты ыстық күндері де суының салқындылығында (Әбсадық, 2023, б. 4) Сондықтан да Ғабең туып өскен жеріне келген сайын осы Құдайқұл көліне түспей кетпейтін. «Ұлпан» романындағы оқиғалар өрбіген жерлерге осы екі гидронимді негіз етіп алуы бекер емес. Оның себебі мынада – **Қарағайлы, Құдайқұл** көлдері жазушының балалық шағы өткен жерлер болған.

*«**Суат көлге** таяу екінші жал ағаш шағындау екен»* (Мүсірепов, 2006, б. 131); *«Мен өзім **«Суат көл»** жалына үй салдыратын болдым. Орыстар салады. «Қыс азығын жаз жимай жарлы қайдан байысын» дегені қайда? Шөп шаптыратын егін салатын болайық. Есеней содан кейін қай жерді қай ауылға беретінін айтты»* (Мүсірепов, 2006, б. 140).

Суаткөл орманы атауының шығуы бойынша нақты ақпарат жоқ. Алайда, қалың ормандағы терек пен қайың ағаштары өскен үлкен алаңның болғандығы Ұлпанды қызықтырды.

*«Есеней «қонысмайларын» осындай жұмыстарын бітіріп алып өткізді. **Қайраңкөл** басына түгел шақырды»* (Мүсірепов, 2006, б. 139).

«Атамекен атаулары» кітабында **Қайраңкөл** атауының шығуына байланысты мынадай дерек келтіріледі. Яғни, «қайраң» ұғымы көл суының тартылып, түбінің көрінуін айқындайды. Ал шығармада кең айдынды түбінде құм-қайраңы, жағасында көк құрақты жалтыры бар шалқар көл ретінде суреттеледі.

«Ояз бастығы ма, әлде сонау **Омбыдан** келе жатқан біреу ме? Үш атты қатар жеккен жабық ауыр шана ағызған бойы үлкен үйдің алдына келіп тоқтады» (Мүсірепов, 2006, б.153).

Омбы сөзінің этимологиясы «қарды омбылау» етістігінен туындаған.

«Ғұбайдолла өзі, қасында тоқсан ру басы — ақсақал, билері бар, екі мың жасақпен **Баянауылға** келіп орнап, Қытай императорына қырық кісі еліші жіберді. Қолбасшы Кенесарыға екі-үш рет жасақ жөнелтті. «Қимылда!» – деді. Ол екі арада орыс шекаралық әскері **Баянауылды** үш жағынан қоршап алып, бір шай қайнайтын уақыттың ішінде хан ордасының дал-далын шығарды» (Мүсірепов, 2006, б. 154).

Халықта тараған аңыз бойынша құрлықта мекендеген екі жұрт арасындағы жер дауын шешіп, өзі сол жерде қоныстанған бай ананың құрметіне «бай ана ауылы», уақыт өте «Баянауыл» деп аталып кетті.

«Баянауыл» атауының шығуына байланысты халық арасында мынадай тағы бір аңыз таралған. Жеті атасынан бері байлық үзілмеген Қарабай дейтін ауқатты адам болыпты. Оның айдай сұлу Баян деген қызы бар екен. Баянға ынтық болып, жақсы көрген жігіттердің санында шегі жоқ. Бірақ, Баян жігіттердің ешқайсын жанына жуытпай, бетін қайтарыпты. Қызының болашағына алаңдаған әкесі Қарабай бұл мәселені шешу үшін өзі білек сыбана кіріседі. Өзінің Аягөз бен Түмен аралығын алып жатқан жайлауының орта тұсындағы табиғаты тамаша жерге Баянның ауылын орнықтырады. Осылайша, өз бағын сынап көргісі келген бозбалалар осы Баянның ауылына келіп, қызықты той-думан өткізеді екен. Сөйтіп, бұл ауыл «Баянауыл» аталып кеткен деседі.

«**Шоқан сияқты Қази Уәлиханов та Шығысты зерттеу жұмысында болды. Қара Ертісті** бойлай жүріп Семіз-найман елін орыс патшалығына қосты» (Мүсірепов, 2006, б.159).

XIII ғасырда сардар Мұқылы Жалаири Алтай мен Сауырға бағытталған жолды өту кезінде ердің тісіндей екіге бөліп тұрған «Қоңыраулы судың» ерекшелігін байқайды. Сол себепті өзен «Ертіс» атауына ие болады.

«Есней әр жылғы әдеті бойынша қысқа қарай жылқы қостарын **Есіл, Обаған, Тобыл** өзендерінің бойына орналастырып болып, біраз күн қасқыр құып, түлкі аулай қайтып еді» (Мүсірепов, 2006, б. 159).

Тобыл өзенінің тасыған сәтте суы молайып, жолындағы кездесетін тосқауылдарды бұзатындай күшінің ерекшелігіне қатысты қойылған атау деген тұжырым айтылады.

Обаған атауына байланысты: «Убаған (Обаған) является одним из загадочных гидронимов. Именно поэтому у лингвистов не сложилось вполне точного мнения о происхождении этого названия. Группа ученых, опираясь на народную топонимику, определяет корень «оба» (уба) в значении «курган, могила», который употребляется в монгольском языке, а корня «ган» – как суффикс, «обозначающий изобилие чего-либо».

...Можно предположить, что первый корень названия «Обаған» происходит от слова «оба, уба», что означает «река или вода». А то, что во второй части стоит определение, обозначающее действие (течение) этой воды (предмета), соответствует сущности словосочетания. С этой точки зрения считаю, что во второй части имени скрыто слово «jargan» (протекающий). Потому что географическое положение реки подталкивает нас следовать этой логике. Ubağan –

река, текущая с юга на север по обширной равнине, деля степь на две части. Поэтому река называется «Ubagan», то есть «Sujarǵan» (Сужарган – протекающая вода)» (Өбсадық, 2023, б.3). [Обаған (Ubagan) – жұмбақ гидронимдердің бірі. Сондықтан лингвистерде бұл атаудың шығу тегі туралы нақты пікір қалыптаспаған. Ғалымдар тобы халықтық топонимикаға сүйене отырып, моңғол тілінде қолданылатын «оба» (уба) түбірін «қорған, қабір» мағынасында, ал «ған» түбірін «бір нәрсенің көптігін білдіретін» жұрнақ ретінде анықтайды.

...«Обаған» атауының бірінші түбірі «өзен немесе су» дегенді білдіретін «оба, уба» сөзінен шыққан деп болжауға болады. Ал екінші бөлімде осы судың (заттың) әрекетін (ағымын) білдіретін анықтама сөз тіркесінің мәніне сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда, атаудың екінші бөлігінде «жарған» (ағып жатқан) сөзі жасырылған деп санаймын. Өйткені өзеннің географиялық орналасуы бізді осы логиканы ұстануға итермелейді. Обаған – оңтүстіктен солтүстікке қарай кең жазықпен ағып, даланы екі бөлікке бөлетін өзен. Сондықтан өзен «Обаған», яғни «Сужарған» (Сужарған – ағып жатқан су) деп аталады] (Біздің аударма. – Ж. Т.).

Елдің, жердің тарихынан мол мәліметі бар белгілі жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» атты мемуарлық романында өзінің өмір жолында орын алған, «тар жол, тайғақ кешкен» кездеріндегі оқиғаларды шебер баяндайды. Шығармада ұшырасатын түрлі топонимдердің шығу тарихы жазушының баяндайтын оқиғаларымен сабақтаса байланыстырылады. Мысалы, оның «Өмір мектебі» романында Қызылжар (қазіргі Петропавл) топонимі кездеседі, бұл атау тарихи тұрғыдан қазақ даласының солтүстігіндегі маңызды сауда және мәдени орталық болғанын көрсетеді. *«Қызылжар қаласы атауының шығу тарихына байланысты Сәбит Мұқановтың берген түсініктемесінде жергілікті жердің эливі қызыл топырақты болғандықтан, қаланы Қызылжар деп аталғаны жайлы ақпарат берілген. Бұл түсініктемеге толық келісуге болады. Себебі, қала Есіл өзенің биік жар қабағында орналасқан. Көктем сайын өзен суы тасығанда, ол лайланып, қызыл-қоңыр түске боялады. Яғни, алыстан келе жатқанда үлкен жардың үстіне қызыл түстің күнмен шағылысатынын көреміз. Осы аумақты мекендеген қазақтар осыған қарай оны Қызылжар деп атаған».* Романда «Қызылжар» сөзінің шығу тегі, тарихы жайлы да айтылады:

«Менімен қалжыңдаспайтын да, кекетпейтін де Бәкең:

- *Сонау, тау сияқты теңкиген күрең-қызылт биікті көріп келемісің, бала?*
- *дейді маған.*
- *Көріп келем, – деймін мен, – сол не өзі?*
- *Есілдің биік жары. Соның төбесінде, әне бір сорайғандарды және ағараңдағандарды көремісің?*
- *Иә! – деймін мен, жардың биігінде жыпырлай ағараңдаған, олардың арасында аспанға шанышыла сорайған бірдемелерге тіккен көзімді қадай түсіп.*
- *Қызылжар сол! Қызғылт биік жарқабаққа салынған қала болғандықтан жергілікті ел Қызылжар атаған.*
- *Петропавл дейтін себебі не?*
- *Ерте кезде қазақ жері екен дейді мұны. Осы жарқабақта Дәулеткелді дейтін бай қыстайды екен дейді, руы Атығай. О заманда, біздің елдің ханы Абылай болған. Бурабайда отырған Абылайға Петр және Павел деген ағайынды екі жігіт барып, Дәулеткелді отырған қабақтан, бір өгіздің терісіндей жер сұраған. Абылай бұл сөзді қызық көрген де, ал деген. Әлгі екі жігіт өгіз терісін шарық жіптей жіп-*

жіңішке қып тіліп әкелген екен дейді, соны жазып жібергенде, осы қаланың орнын түгел алып кеткен. Абылай уәдесін жұпта алмай, сұраған жерін берген, соған екі жігіт қала салып, солардың, атымен «Петропавл» боп кеткен.

– Керемет жігіттер екен! – деп қояды Боржабай» (Мұқанов, 2002, б. 34). Жалпы, жазушы романның екінші кітабында «Қызылжар» атты тақырыпта осы оқиғаны сөз етеді. Яғни, бұл үзіндіде Сәбең Бәкең, Боржабай, Жама атты серіктерімен Қызылжарға келе жатқан беті. Сәбеңнің Қызылжар қаласына білім қуып, бірінші рет келген сәті баяндалады. Сәбит Мұқановқа Қызылжар қаласын байыпппен таныстырып келе жатқан – Бәкең. Ал тағы бір серігі Боржабай арасында қалжыңдап, Сәбитті сөзбен кекетіп қоятыны бар. Бәкең авторға алдымен Қызылжардың неліктен олай аталатынын, ал Қызылжарды неліктен Петропавл деп атайтынын түсіндіріп, қалада орналасқан «Абылайдың ақ үйі», «Дом Романовых», Ленин көшесін көрсетіп, таныстырады. Бұл тақырыптың соңында жазушы Қызылжардың қандай зор шаһар екендігін, ондағы биік үйлерге тамсанып: *«Қызылжар менің ұғымымда биіктей түсті»*, – дейді (Мұқанов, 2002, б. 40). *«1928 жылдың басында Қазақ АССР-ы Орталық Атқару комитеті Қызылжар округі деген атауды «Петропавл округі» деп өзгертті»* (Ахметжанова, және т.б., 2015, б. 76). Жоғарыда келтірілген үзіндіде неліктен Қызылжарды Петропавл деп атайтындығы жайлы архивтік құжаттан дерек келтірілген. Жазушы романның бірінші кітабындағы «Жаманшұбар» аталатын тақырыпшада туған өлкесі, оның түп тарихы туралы толық ақпарат береді. *«Үлкендердің айтуынша, біздің аталарымыз Мәуліт маңынан (қазіргі Мамлютка станицасы) көшіп кеп, қазіргі Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Қарағаш аталатын жерде тұратын туыстарына қосылған. Бұл, шамасы, 1850 жылдардың тұсы. мен туардан он шақты жыл бұрын ауылымыз осы арадан Жаманшұбар атты жерге көшеді. Біздің ауылдың қонысынан аууына Торсан деген кісі себеп болған дейді. Торсанның түбі – Сибан емес, Уақ; Сибан руындағы Есеней атты кісінің күйеуі»* – деп, Сәбең өзінің туған жерінің түпкі тарихы қалай басталғанын сөз етеді (Мұқанов, 2002, б. 25). Сонымен қатар, бұл үзіндіде тарихта болған тұлға да кездеседі. Яғни, бұл жердегі Торсан атты кейіпкер өмірде болған адам, Ұлпан мен Есенейдің күйеу баласы, Біжікеннің күйеуі. Жазушы ауылының көшуіне Торсанның себепкер болғандығын атап өтеді. Осы тұстан-ақ жазушының өмірлік жолында болған жағдаяттарды тарихпен шебер байланыстыра білетіндігін байқаймыз.

Сәбит Мұқанов өзінің түп тамыры қайдан шыққанын айта келе, «Жаманшұбар» сөзінің этимологиясына тоқталады. Ең алдымен, *«шұбар»* деген ол белгілі бір жерде ағаштардың шоқталып өсуі, – деп түсініктеме беріп өтеді. Ал шұбардың жанында таяқ тастам жерде қыстау жоқтығының себебі, жан-жағы дала, ал бұл далада көлдің көп болуы, ал бұл басқа елдің жаз кезінде тұрақтайтын жайлауы екен. Жайлауға жақын маңда қыстаудың болмауы керектігін атап өтеді. Өз елінің қоныс аударған шұбарда бұл уақытқа дейін қыстаудың болмауына негіз болған себептерді шығармада тілге тиек етеді. Ендігі кезекте *«шұбар»* сөзіне *«жаман»* сөзінің неліктен қосылғанын былай айтады: Сәбеңнің ауылы қыстау салған шұбардың жері – егін мен шөбі жақсы өсетін, топырағы нәрлі жер болады. Бірақ бір міні – жер бетіндегі суының болмауында. Жеті-сегіз шақырым болатын жердегі Дос көлі ғана бар екен. Бұған қарамастан, жазушының ауылы 1892 жылы сол жерге қыстауды дұрыс көреді. Осылайша, келесі күзде жайлау жақтан өрт шығып, қыстауды, барлық қысқа дайындаған жем-шөпті, ағашты, барлығын күйдіреді.

Мал-мүлік шығыны айтарлықтай көп болып, көптеген адам мерт болады. Басқа баратын жері болмаған соң, Сәбеңнің ауылы сол жерде қыстап қалады. Қыста төрт түлік малын жақын маңдағы көлдердің құрағы мен қамысымен асырап шығады. Сөйтіп, осы жердің жамандығын көрген ел бұл жердің атауын «Жаманшұбар» деп атап кеткен екен. Солайша, жазушының ауылы «Жаманшұбар» деп аталып, ал ауыл тұрғындары «жаманшұбарлықтар» аталып кеткен екен» – дей келе, жазушы «Жаманшұбар» атауына толықтай тоқталып, ол сөздің түп төркіні қайдан шыққанын, жалпы, сонау тарихына дейін зерделейді (Мұқанов, 2002, б. 25). «Шіркін, Дос өлкесінің сол бір көркі-ай!..» – дей келе, жазушы өзінің балалық шағының басым бөлігі өткен Дос көлі жайлы да әңгіме өрбітеді (Мұқанов, 2002, б. 32). Бұл көл Жаманшұбардан жеті-сегіз шақырым жерде орналасқан. Осы көлдің теріскейіндегі дөңес жотаның жолында көптеген зират бар. Сол зираттың батысында биік оба бар екен. Обаның жанында Дос деген адамның басына тас қойылған екен. «Тасқа араб әрпімен жазылған сөздерге қарағанда: Уақ руынан шыққан Дос. 1862 жылы, 55 жасында опат болған» – деп жазушы көлдің аты осы кісінің құрметіне қойылған деп топшылайды (Мұқанов, 2002, б. 31). Бірақ, ол адамның кім болғаны, қайдан шыққаны, ұрпақтарының қайда екені ешкімге аян емес екенін атап өтеді.

– Сендердің, баратын жерлерің Сырымбет тауының, ар жағында, Саумалкөл деген орыс қаласы, орысша аты – Крибазорнай болу керек. Атбасар базарына барғанда жолда көргенбіз. Сол қалада мирауай судья тұрады. Мына кісілерді сол судья шақырып отыр. Сендер Саумалкөлге тура бара қоймассыңдар, бергі Сырымбет тауында біраз бөгелесіңдер» (Мұқанов, 2002, б. 172). Бұл жерде жазушы «Саумалкөл» топонимін қолданған. Крибазорнай деп тұрғаны – Кривоозерное, қазақша мағынасы – имек көл. Саумалкөлді «Кривоозерное» деп орысша атаған. Сәбең бұл жер көп үйлі, көлдің түрі өгіздің имиген сыңар мүйізіне ұқсайды дей келе, атын орыстар бекер атамапты дейді. Қазіргі таңда Саумалкөл – Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының орталығы. Шығармада көлдің жағасы қарағай, суы саумалдау болған себебінен, «Саумалкөл» аталғанын айтады. Суы саумалдау болса да, ішуге болатындығын атап өтеді. Сонымен қатар үзіндіде «Сырымбет» оронимі кездеседі. Жалпы, бұл жерде әжесі Айғанымның қолында Шоқанның балалық шағы өткенін білеміз. Романда Сәбең Сырымбет тауын «шөккен айыр өркеш түйеге» теңейді. Таудың айналасында қалың қарағайлы орман барын айтып, шыңының төбесіне адам қиналмай шығатынын айтып өтеді. Сондай-ақ, шығармада автордың серіктерінің айтуы бойынша, Шыңғыс ханның ордасы осы Сырымбеттің ығында орналасқан деседі. Ол романда былайша айтылады: «Сырымбет тауына барғанда – деген Нұртаза маған аттанар алдында, – Шыңғыс ханның баласы Қоқыш төренің үйіне түсесіңдер» (Мұқанов, 2002, б. 207). Нұртаза Сәбитке хан ордасы бар дегенде, Сәбең хан деген ертегілерде ғана болады ғой деп, сенер-сенбестей халде болады. Жалпы, автор Сырымбетке көп сапар шегеді. Сондықтан да романда Сырымбет атауы бірнеше рет қолданыс тапқан. Автор өзінің өмірін сөзге тиек еткендіктен, әрине, ондағы оқиғалардың қайда өткендігін және қалай болғандығын баяндайтыны сөзсіз.

Жазушы «Шөптікөл», «Қарағайлы» гидронимдерін қолданады. Романда Болатбай атты кейіпкер «Шөптікөл» күзде құрғайтынын және беті шабындыққа айналатынын авторға баяндап, Жайылғанның қыстауынан шыға келе сол жердің географиясымен таныстырады. Ал екінші көлдің «Қарағайлы» аталу себебін Болатбай көлдің төңірегіне қалың қарағай өскендіктен, осылай аталғанын айтады.

Бұл Есеней үйінің көлі болғандығын атап өтеді. Бірақ қазір бұл көлдің айналасында қарағай өспейтінін сөз етеді. Осы Қарағайлы көлінен өткеннен кейін Болатбай Сәбит Мұқановқа «Үлкен Өтеп» және «Кіші Өтеп» деп аталатын жалдың тарихын баяндай келе, Өтеп деген кісі аты екендігін айтады. Ерте кездерде Есеней Обаған өзенінің бойында тіршілік еткен екен. Ал бұл араны Нұралы деген рудың ауылдары мекен етіпті. Есеней осы араға келіп, жерін ұнатып, бұл жерде отырған ауылдарды үкімет әскерінің ықпалымен күшпен көшіріпті деседі. Бұл екі жалдың осындай тарихы сөз болады. Жоғарыда талдап өткен жер-су атаулары тарихи тұлға Есенеймен тығыз байланысты екенін байқауға болады. Бұл жерде аңғару керек нәрсе – жазушының әр оқиғаны тарихпен байланыстырып, оның қайдан шыққанын түсіндіріп өтуінде. Екі Өтептен кейін Сәбең мен Болатбай тағы бір көлді кездестіреді. Көлдің аты – *Өгізбалық* екен, себебі, бұл көлде бұрындары өгіздей балықтар болған деседі. Міне, романда осындай түрлі тарихы бар гидронимдер жиі кездеседі.

Романның алғашқы кітабынан «Ақсуат» лимнонимін кездестіруге болады. Яғни, бұл көл атауы. *Суат* сөзіне «өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері» деген анықтама береді. Дұрысы «кез келген су нысанының мал суаруға ыңғайлы жерін» *суат* деп атай беруге болады. Ол кәдімгі құдықтан бастап, ірі көлдердің мал су ішуге жарамды жағаларына дейін болуы мүмкін. Мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі қазақ халқына суат ерекше маңызды қызмет атқарған. Сол себепті *Суаткөл, Ақсуат, Тассуат* тәрізді гидронимдер кездеседі» (Мұқанов, 2002, б. 40). Шығармада Жаманшұбардан он бес шақырымдық жерде орналасқан көл екендігі айтылып өтеді. Бұл көлді Ағатай хазірет деген молданың мекендейтіні жайлы сөз болады. Ыбыш атты кейіпкердің құлақшынында беймәлім бір сыр бар деп, құлақшынын Ағатай хазіретке бір пәтуасын айтсын деп апарып бергендігі жайлы оқиға баяндалады.

«*Қорқыныш*» дегенім – *Жынды қатын*. Ол – көршілес «*Телпек*» аталатын ауылдағы *Қапсытбай* дейтін бай адамның қызы. *Жас мөлшері сол кезде отыздарда, адамға залал жасамайтын болған соң, бос жүреді және неге екенін кім білсін, үнемі көлдің, жағасындағы шалғынға тығылып отырады*» (Мұқанов, 2002, б. 87). Бұл үзіндіде «Телпек» деп аталатын ауылдың аты сөз болады. «Төбеге ғана киетін тақия сияқты жұқа бас киім» семантикасын беретін телпек сөзі, ең алдымен, жеңілдігімен ерекшеленеді. Телпектің сырт тұлғасын ұқсатып барып, «шағын дөңес, томпақ жерлерге» Телпек топонимі берілуі мүмкін. Алайда топоним түрінде көп тарамалан» (Бияров, 2013, б. 63). Романда Телпек ауылында тұратын *Қапсытбай* дейтін байдың қызын «*Жынды қатын*» деп атайтынын, оның ойнап жатқан балаларға келіп, айғайлап, оларды арттарынан қууға әуестігі жайлы әңгіме болады.

«*Сырымбет тауы* бізге кеше көрінген. Ол тауға тез жегуге мен үш жақтан құмартқам: бірінші – тау дегенді естігенім болмаса, бұған дейін көрген емен: екінші, *Нұртаның айтуына, ол – аты тау ғана емес, менің бесінші атам Сырымбеттің тауы, өз атаңның тауын көрген қандай қызық: үшінші, серіктерімнің айтуына, Сырымбеттің ығында, Шыңғыс ханның ордасы бар...*» (Мұқанов, 2002, б. 205). Бұл үзіндіде жазушы Сырымбет тауының өзінің бесінші атасының тауы екендігін айта келіп, арғы атасының тауын көрудегі сезімнің қызық екендігін айтады. Сонымен қатар, романда жазушы Сырымбет тауының көрінісі «*шөккен айыр өркешті түйеге*» ұқсайтыны және бұл таудың төбесіне кез келген адам жаяу қиналмай шыға алатынын түсіндіреді. Ол Нұртаза деген кейіпкермен

Сырымбет тауының теріскей жағында қыстау салған «Хан ордасы» деген ауылға келеді. «Хан ордасы» деп аталуының себебі бұл ауылда Шыңғыс ханның баласы Қоқыш төре тұрғандығымен байланысты екендігі баяндалады. Қос жазушының туындыларында осы сияқты оқырманын қызықтырып, елді мекен тарихынан сыр шертетін топонимдік атаулар мол ұшырасады, сондықтан олар қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің символы ретінде сипатталып, этнографиялық, тарихи және мәдени ақпарат беретін тілдік бірліктер болып табылады.

Қорытынды

Солтүстік Қазақстан өңірі жазушыларының шығармаларында қолданылған түркі топонимдер тек географиялық нысандарды білдіріп қана қоймай, сол аймақтың әлеуметтік және мәдени өмірін, дәстүрлерін, наным-сенімдерін және тарихын да көрсетеді. Бұл топонимдер әрбір халықтың өзіне тән ерекшеліктерін, дүниетанымын және ұлттық болмысын бейнелейтін маңызды мәдени құндылықтар болып табылады. Әдеби шығармалардағы топонимдер осы аймақтың өткенінен сыр шертеді, халықтың тарихы мен мәдениетін, оның рухани әлемін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, топонимдер ұлттың өткенін және болашағын байланыстыратын көпір рөлін атқарады. Түркі топонимдері арқылы Солтүстік Қазақстан өңірінің әдебиетінде ұлттық сана мен мәдениеттің өзекті мәселелері ашылады, бұл топонимдер халықтың ұғымдары мен тілін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Олардың әрқайсысы белгілі бір кезеңдерде қалыптасқан тарихи оқиғалармен, халықтың көшіп-қонуларымен тығыз байланысты. Топонимдер арқылы халықтың өз тарихын тануы, ұлттық жады мен мәдени мұрасын сақтауы мүмкін болады. Ағылшын зерттеушісі А.Д. Милс топонимдерді бейнелі түрде «лингвистикалық пайдалы қазба қалдықтары», «лингвистикалық олжалар» деп атайды. Себебі оларда тілдің ежелгі лексика-грамматикалық формалары мен этникалық бейнесі сақталған, – деп тұжырымдайды (Милс, 1998, б. 220).

Түркі топонимдерінің мәні ұлттық бірегейлікті нығайтуда, тарихи жады мен мәдени мұраны сақтау ісінде маңызды орын алады. Бұл атауларды дұрыс түсіну мен зерттеу арқылы ұлттық құндылықтарды қорғауға, рухани байлығымызды сақтауға және ұлттың мәдени мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуге болады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы әдебиетте топонимдер қолданылуы арқылы дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық және әлемдік мәдениеттің өзара байланысы мен сабақтастығы көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Ахметжанова Г., Мәлікова С., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары. Петропавл: Северный Казахстан, 2015. 343 б.
- Әбсадық А. Құсмұрын сапары және көне атаудың құпиясы // Тарихи тұлға: Шоқан Уалихановтың ғылыми және рухани мұрасы. Личность в истории: научное и духовное наследие Чокана Валиханова. Қостанай: Центрум, 2020. С. 61–64.
- Әбсадық А. Тайны гидронима Убага // Наша газета. 18 қараша 2023.
- Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. 460 б.
- Жантеміров А. Ауылында бар ағаның қызқарағай // Солтүстік Қазақстан. 2022. № 28.
- Иманбердиева С., Тайшыбаев З., Мәлікова С. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. Нұр-Сұлтан: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың

- республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2020. 628 б.
- Мұқанов С. Өмір мектебі. Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 2002. 464 б.
- Мүсірепов Ф. Ұлпан: Роман. Алматы: Раритет, 2006. 256 б.
- Серебреников В.А. О методах изучения топонимических названий // Вопросы языкознания. Москва, 1959. № 6. С. 36–50.
- Ismatova N. (2022). Linguistic status of toponyms in scientific literature analysis // International Journal of Early Childhood Special Education (INT-JECS). Volume 14, Issue 07. Retrieved 5 October 2024 from https://api.scienceweb.uz/storage/publication_files/3555/11864/64ae8dfc3cc73__20230111102231pm312.pdf
- Marieiev, D., Miniailo, R., Martina, O., Tretyak, N., & Moiseienko, N. (2024). Use of onomastic material in the educational space. *Amazonia Investiga*, 13(75), 67–79. <https://doi.org/10.34069/AI/2024.75.03.6>
- Mills, A. (1998). *Dictionary of English place names*. Oxford: Oxford University Press. 411 p.
- Motschenbacher, H. (2020). Corpus Linguistic Onomastics: A Plea for a Corpus-Based Investigation of Names. *Names*, 68(2), 88–103. <https://doi.org/10.1080/00277738.2020.1731240>

References


- Absadyk, A. (2020). Qusmuryн sapary jane kone ataudyn qupiasy [Kusmurun trip and the mystery of the ancient name]. In: *Tarikhi tulga: Shokan Ualihanovtyn gylymi zhane rukhani murasy. Lichnost v istorii: nauchnoe i duhovnoe nasledie Chokana Valihanova*. Kostanay: Sentrum (in Kaz.).
- Absadyk, A. (2023). Tayny gidronima Ubaga. [Secrets of the hydronym of Uboga]. *Nasha gazeta*, 18 karasha. (in Rus.).
- Akhmetzhanova, G., Malikova, S., Ospanov, K., & Taishybay, Z. (2015). *Atameken ataulary*. [Homeland names]. Petropavl: Severnyy Kazakhstan (in Kaz.).
- Biyarov, B. (2013). *Kazak toponimderinin tipik ulgileri*. [Typical examples of Kazakh toponyms]. Astana: Sh. Shayakhmetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyk uilestiru-adistemelik ortalygy. (in Kaz.).
- Imanberdieva, S., Taishybay, Z., & Malikova, S. (2020). *Soltustik Kazakstan oblysy toponimderi*. [Toponyms of the North Kazakhstan region]. Nur-Sultan: Sh. Shayakhmetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyk uilestiru-adistemelik ortalygy. (in Kaz.).
- Ismatova, N. (2022). Linguistic status of toponyms in scientific literature analysis. *International Journal of Early Childhood Special Education*, 14(07). Retrieved 5 October 2024 from https://api.scienceweb.uz/storage/publication_files/3555/11864/64ae8dfc3cc73__20230111102231pm312.pdf
- Marieiev, D., Miniailo, R., Martina, O., Tretyak, N., & Moiseienko, N. (2024). Use of onomastic material in the educational space. *Amazonia Investiga*, 13(75), 67–79. <https://doi.org/10.34069/AI/2024.75.03.6>
- Mills, A. (1998). *Dictionary of English place names*. Oxford: Oxford University Press.
- Motschenbacher, H. (2020). Corpus Linguistic Onomastics: A Plea for a Corpus-Based Investigation of Names. *Names*, 68(2), 88–103. <https://doi.org/10.1080/00277738.2020.1731240>
- Mukanov, S. (2002). *Omir mektebi*. [School of life]. Birinshi kitap. Almaty: Zhazushy. (in Kaz.).
- Musrepov, G. (2006). *Ulpan: Roman* [Ulpan: Novel]. Almaty: Raritet. (in Kaz.).

Serebrennikov, V.A. (1959). O metodah izucheniya toponimicheskikh nazvaniy. [On the methods of studying toponymic names]. *Voprosy yazykoznanija*, 36–50. (in Russ.).

Zhantemirov, A. (2022). Auylynda bar aganyn kyzkaragai. [Our brother has a Kyzkaragai in the village]. *Soltustik Kazakhstan*. (in Kaz.).

Ж.С. Таласпаева


*Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева,
Петропавл, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>

email: talaspaeva@inbox.ru

А.Б. Ерсайнова

*Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина,
Астана, Қазақстан*

 <https://orcid.org/0000-0003-0948-653X>

email: asel_ersainova@mail.ru


**ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ Г. МУСРЕПОВА И
С. МУКАНОВА: ИСТОРИЧЕСКОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЕ**

Аннотация. В статье исследуется функционирование тюркских топонимов в произведениях писателей Северо-Казахстанской области Г. Мусрепова и С. Муканова. Анализируются способы использования географических названий в произведениях писателей, родившихся и выросших в этом регионе. Кроме того, определяется роль тюркских топонимов в формировании культурной и национальной идентичности в произведениях. Авторы статьи указывают, что тюркские топонимы – это не только название географических объектов, но и символ, сохранивший исторический и культурный код этого региона. Проанализированы семантические особенности, символическое значение и исторический контекст названий «Каршыгалы» и «Кушмурун» в романе Г. Мусрепова «Улпан». История происхождения топонимов в мемуарном произведении С. Муканова “Школа жизни” переплетается с биографией, рассказываемой писателем. Топонимы тесно связаны с бытом народа и отражают взаимосвязь природы и культуры. Исследуются стилистические особенности произведений писателей, а также значение и происхождение географических названий в художественных текстах. Исследование направлено на выявление роли топонимов в творческом контексте, их культурного и исторического значения.

Ключевые слова: тюркские топонимы, историко-культурная информация, национальная идентичность, символ, Г. Мусрепов, С. Муканов.


Zh.S. Talaspayeva

*North Kazakhstan State University named after M. Kozybayev,
Petroavl, Kazakhstan*

 <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>
email: talaspaeva@inbox.ru

Ye.A. Baurzhanovna

*Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullina,
Astana, Kazakhstan*

 <https://orcid.org/0000-0003-0948-653X>
email: asel_ersainova@mail.ru

**TURKIC TOPONYMS IN THE WORKS OF G. MUSIREPOV AND S.
MUKANOV: HISTORICAL AND CULTURAL SIGNIFICANCE**

Abstract. The article examines the use of Turkic toponyms in the works of writers from the North Kazakhstan region, focusing on the significance and origins of geographic names in the works of G. Musrepov and S. Mukanov. It reviews historical contexts and analyzes how these authors, native to the region, incorporate toponyms to enhance symbolic and national identity. The authors argue that Turkic toponyms function not only as place names but also as symbols preserving the cultural and historical codes of the region. Semantic features, symbolic meanings, and the cultural-historical context of names like «Karshygaly» and «Kushmurun» in Musrepov's novel «Ulpan» are examined. Additionally, the origins of toponyms in Mukanov's memoir «School of Life» are intertwined with the life stories presented, highlighting the connection between people's lives and their environment. The stylistic approaches of both authors and the role of these geographic names within the text are discussed. This study contributes to understanding the cultural essence of toponyms in the writers' works and their role in shaping the cultural heritage of North Kazakhstan.

Keywords: Turkish toponyms, historical and cultural information, national identity, symbol, G. Musrepov, S. Mukanov.

Авторлық үлестер

Таласпаева Ж.С. – тұжырымдама, формалды талдау, деректерге жетекшілік ету, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Ерсайнова А.С. – бағдарламалық қамтамасыз ету, рөлдер/жазу – бастапқы нобай, визуалдау.